

**С.М. Туркеева,  
А.К. Избаиров**

*Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: saule-83@mail.ru, assylbek76@mail.ru)*

## **Америка және Қытайдың Орталық Азиядағы көлік дәліздері үшін геосаяси бәсекелестігі және аймақтық қауіпсіздік мәселелері**

**Аңдатпа.** Халықаралық көлік дәліздерін дамыту мәселесі қазіргі кезеңдегі барлық елдердің саяси, экономикалық, интеграциялық, модернизациялық, рухани-мәдени дамуының өзегін құрайды. Тауарларды тасымалдаудың тиімді құралы болып табылатын көлік саласы әлемдік экономикадағы маңызды буынға және жаһандану үдерісінің негізгі құралына айналып отыр. Осы орайда, халықаралық көлік дәліздерінің даму аспектілерін қарастыру өзінің өміршеңдігін, өзектілігін жоғалтпаған, маңызды зерттеу салалары болып табылады. Аймақтық, ұлттық қауіпсіздікке ықпал етуші факторлардың қатарына геосаяси бәсекелестіктің жалғасын тауып отыруы және қатысушы ірі күш орталықтарының санының артуы кіреді. Мұндағы басты мәселе – аймақтағы мұнай-газ, уран көздерімен қатар, Еуропа мен Азияның нарықтарын жалғастыратын стратегиялық орналасу жағдайымен ұштасады. Орталық Азия аймағы әлемнің геосаяси маңызды буыны рөлін атқаруымен қатар, халықаралық көлік дәліздерін жалғастыратын орталыққа айналып келеді. Әлемдік саясаттың ірі акторларының халықаралық көлік дәліздеріне бақылау орнатуға деген ұмтылысынан туындайтын қайшылықтар халықаралық көлік дәліздері өтетін аймақтың қауіпсіздігін басты мәселе ретінде айқындап отыр. «Ұлы Жібек жолының» бойында орналасқан Орталық Азия мемлекеттері үшін жаһандану дәуіріндегі негізгі міндет – бұл аймақтық қауіпсіздікті сақтау және оның ішінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады. Ұсынылып отырған мақалада, халықаралық көлік дәліздерінің Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігіне ықпалы қарастырылады және Ұлы Жібек жолын жаңғырту бойынша Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасы ұсынып отырған геосаяси жобалардың маңызы, екі ел арасындағы қайшылықтан туындайтын көлік дәліздерінің геосаяси астарының аймақтың саяси қауіпсіздігіне, экономикалық қауіпсіздігіне ықпалына талдау жасалынады.

**Түйін сөздер:** Халықаралық көлік дәліздері, геосаясат, Орталық Азия, аймақтық қауіпсіздік, ұлттық қауіпсіздік, саяси – экономикалық даму, қауіп-қатерлер.

**DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2023-143-2-101-113>  
Түсті: 22.01.2023 / Жариялауға қабылданды: 19.04.2023**

### **Кіріспе**

Халықаралық көлік дәліздерінің дамуының ұлттық қауіпсіздікке ықпалы мәселесінің ішінен ең маңызды үрдіс –

Орталық Азиядағы көлік тораптары үшін күресті және «Әлемдік тәртіптің дағдарысы» жағдайындағы көлік дәліздерінің даму мәселесін қарастырамыз. Геосаяси қайшылықтар Орталық Азия елдеріне және

аймақ арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерінің геосаяси жағдайына тікелей ықпалы бар мәселе. Орталық Азияның геосаяси жағдайы – аймақтың ірі геосаяси акторлар Ресей, Қытай, Иран мемлекеттеріне географиялық жақын орналасуымен, XX-XXI ғасырлардағы қақтығыс ошағының біріне айналған Ауғанстанға аумақтық жақындығымен, маңызды энергетикалық және табиғи ресурстық әлеуетімен айқындалады. Яғни, Орталық Азия және оның логистикалық әлеуетіндегі Ресей, АҚШ, Қытай, ЕО, Үндістан, Иран және Түркия арасындағы мүдделер тоғысы геосаяси шынайылыққа айналып отыр.

Дегенмен, Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстар, Орталық Азиядағы басты геосаяси акторлардың қатарына Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасын шығарып отыр. Себебі, соңғы жылдары жарық көрген зерттеулерде және аналитикалық есептерде халықаралық гегемондыққа тартыс Америка және Қытай арасында өрбиді деген болжамдар жиі жасалынууда. Ресейге қатысты қолданылып отырған экономикалық санкциялар, Украинадағы әскери операциялары қазіргі таңда Ресейді айналып өтетін көлік жолдарын іздестірудің маңызын арттырып отыр. Қазіргі қалыптасқан халықаралық жағдайдың ерекшелігіне байланысты, Орталық Азиядағы Ресей саясаты да өзгеріске ұшырап отыр.

### Мәселенің тұжырымы

Халықаралық көлік дәліздерінің дамуы бойынша мәселенің түрлі астарларын зерттеуге бағытталған ғылыми еңбектердің ауқымы да өте кең. Олардың ішінде халықаралық көлік дәліздерінің саяси және экономикалық проблемаларына арналған зерттеулерді, Орталық Азияның көлік инфрақұрылымдарының даму проблемалары мен перспективаларын, қарастыратын еңбектерді ерекшелеуге болады. Жалпы, геосаяси қайшылықтар, геосаяси факторлар, геосаяси бәсекелес мәселесі бойынша Батыс, Ресей және отандық зерттеушілердің еңбектері де жеткілікті. Дегенмен, ғылыми әдебиеттерге, аналитикалық мақалаларға шолу жасау арқылы, Орталық Азиядағы көлік дәліздерінің аймақтық және ұлттық қауіпсіздікке ықпалы туралы және аймақтың транзиттік әлеуетіне қатысты геосаяси қайшылықтарға арналған еңбектердің сиректігін ерекшелеуге болады.

Біздің тақырыбымызға қатысты соңғы жылдары жарық көрген зерттеулердің ішінен: Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының үкіметаралық органы Халықаралық көлік форумының тарапынан жарық көрген «Тероризм және халықаралық көлік: Қауіпсіздік саясаты» атты баяндамасында Құрлық, әуе, теңіз тасымал жолдарындағы террористік қауіп-қатерлердің алдын алу мәселелері айқындалады [1].

Халықаралық көлік қауіпсіздігінің геосаяси аспектілеріне арналған еңбектердің ішінен «Халықаралық істер және қауіпсіздік мәселелері бойынша Неміс институтының» аға ғылыми қызметкері Феликс Хайдуктың 2022 жылы жарық көрген «Азиялық геосаясат және АҚШ және Қытайдың бәсекелестігі» [2] атты еңбегінде, Үнді-Тынық мұхит аймағындағы ҚХР және АҚШ арасындағы геосаяси қайшылықтар және болашақ қақтығыстардың әлеуеті қарастырылады. Еңбекте ғалым, Қытайдың «Бір белдеу бір жол» және «Теңіз Жібек жолы» бастамаларын, Орталық Азия, Шығыс Азия елдерін және жаһандық саясат пен әлемдік тәртіпті өзгеріске ұшырататын қауіпті жоба ретінде қарастырады. Автор пікірінше, аталмыш жобалардың аясында Қытай әлемдік экономикада үстемдікке ие болады, бұл жердегі ең маңыздысы Қытайдың социалистік даму жолы Батыстық либералистік тәртіпке қауіп төндіреді деген тұжырымдар жасайды.

Француз зерттеушілері М. Ларюэль және С. Пейруздың 2012 жылы «Орталық Азиядағы Қытай мәселесі: ішкі тәртіп, әлеуметтік өзгерістер және қытай факторы» [3] атты еңбегі жарық көрген. Авторлар, аталмыш проблеманы екі бөлікке бөліп қарастырады: біріншісінде олар Қытайдың Орталық Азиядағы саясатын әлемдік актор ретінде қарастырады; екіншісінде, аймақтағы жекелеген мемлекеттердің Қытай экспансиясына байланысты көзқарастары сипатталады. Ғылыми еңбектің мазмұнына, шекара және диаспоралар проблемасы, ШЫҰ аясындағы өзара іс-қимыл, Қытайдың аймақтағы экономикалық экспансиясы, қытай энергетикалық дипломатиясы және Қытайлық - инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру түріндегі аймақ елдері мен Қытай арасындағы қатынастардың іргелі негіздеріне әсер ететін мәселелердің кең ауқымы кіреді.

Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы геостратегиясы И. Левиннің

«Орталық Азиядағы Америка Құрама Штаттарының саясаты» еңбегінде талданады [4]. Автор АҚШ-ның аймақтағы саясатында демократияны орнату, қауіпсіздік және энергетика түріндегі үш негізгі императивті бөліп көрсетеді.

Ресейлік ғалымдар А.Н. Скалепов және Н.В. Лагуткиндердің «Орталықазиялық аймақ геосаяси стратегиялардың тоғысында» атты 2022 жылы жарияланған мақаласында [5], аймақтағы Ресей, АҚШ, Қытай, Түркия және ЕО геосаяси мүдделері үшін маңызды мәселе – стратегиялық шикізаттың жаһандық транзитін қамтамасыз ету үшін, аймақ арқылы өтетін жолдарға бақылау орнату болып табылады, деп жазады. Л.Б. Аристова, Н.К. Семеновалардың монографиялық зерттеулерінде [6], Ұлы Жібек жолының экономикалық белдеуі және Еуразиялық экономикалық Одақтың аясындағы көліктік жобалардың жүзеге асырылу барысындағы РФ ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қатерлерге талдау жасалынады.

### Зерттеудің мақсаты

Авторлар ұсынылып отырған ғылыми мақалада Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігіндегі, оның ішінде Жібек жолы бойындағы көлік дәліздерін дамыту бойынша Америка мен Қытай елдері арасындағы бәсекелестік және одан туындайтын геосаяси қайшылықтарды қарастыру мақсатын қойып отыр.

### Зерттеу әдістері

Ұсынылып отырған мақалада, ресми құжаттарды талдау (зерттелетін халықаралық субъектілердің стратегиялық құжаттарын талдау); салыстырмалы әдіс (әлемнің көшбасшы елдерінің стратегияларына салыстырмалы талдау жасау) қолданылды. Аталған тәсілдер, географиялық-тарихи және әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалын объективті бағалауға мүмкіндік берумен қатар, өткен шақ, қазіргі уақыт және болашақтың даму қарқыны аясында түрлі көзқарастар тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ғылыми мақалада, халықаралық саясатты зерттеудің негізгі әдістері: тарихи салыстырмалы талдау, институционалды, әлемдік саясаттағы жетекші акторлардың рөлін және ықпалына талдау жасау кіреді.

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Дүниежүзілік экономикалық форум ұсынған 2022 жылға Жаһандық тәуекел туралы есепте, геосаяси қайшылықтардың артуы жаһандық қақтығыстардың негізгі себебі ретінде көрсетілген. Сонымен қатар, АҚШ және ҚХР арасындағы бәсекелестіктің артуы Тынық мұхиттағы күш тепе-теңдігін өзгертіп, АҚШ, Австралия, Ұлыбритания» арасындағы қауіпсіздік пакті (AUKUS) түріндегі альянстың күшеюін тудырады. Қақтығыс алаңдары Украина және Тайвань географиялық кеңістігіне ауысады [7]. деген тұжырымын ұсынған. Соңғы кездегі әлемдік жаңалықтардан бұл тәуекелдердің шынайы көрінісі айқындалып отыр

2020 жылы RAND стратегиялық зерттеу орталығы ұсынылған «Геосаяси үрдістер және болашақ соғыстар» атты ғылыми-зерттеу жұмысында [8] басқа да іргелі мәселелермен қатар, болашақ қақтығыстардың төмендегідей негізгі геосаяси факторлары айқындалады;

- Америка Құрама Штаттарының жаһандық ірі держава ретінде іс-әрекет жасауына кедергі болатын жағдай барысында, пайда болған билік вакуумының орнын Қытай және Ресей сияқты державалар басып алуға ұмтылады;

- бірнеше азиялық елдер Қытаймен қақтығысқа түсуі мүмкін, бұл қақтығыстарға Америка Құрама Штаттарының араласуына тура келеді;

- Ресей өзіне таяу жатқан мемлекеттерге соғыс ашуы мүмкін;

- радикалды ислам терроризмінің қайтадан өріс алуы және Ислам әлеміндегі мемлекеттердің әлсіздігі аймақтық қақтығыстарды тудырады, ал бұл өз кезегінде АҚШ әскери қатысуына талап етеді;

- Сауд Арабия және Иран, Сауд-Арабия және Израиль, Ресей-Америка қайшылықтарынан туындаған ірі аймақтық қақтығыс туындауы мүмкін.

Әлемдік саясаттың субъектілері ретіндегі Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігіне тікелей ықпал ететін басты мәселе – бұл Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы және Ресей Федерациясы арасындағы геосаяси бәсекелестіктен туындайтын қауіп-қатерлер. Негізгі акторлардың геосаяси мүдделері мен Орталық Азияға ықпалы келесі 1 кестеде берілген.

**Кесте 1. АҚШ, ҚХР, РФ арасындағы Орталық Азиядағы геосаяси бәсекелестік**

Халықаралық ірі акторлар	Халықаралық көлік дәліздерін дамыту бойынша негізгі геосаяси Жобалары	ОА аймағындағы негізгі мүдделері
Америка Құрама Штаттары	Жаңа Жібек жолы	1. Балтық теңізі-Қара теңіз-Каспий теңізі демократиялық одағы; Үлкен Таяу Шығыс, Үлкен Орталық Азия түріндегі геосаяси стратегияларды жүзеге асыру 2. Қытай мен Ресейдің Орталық Азиядағы ықпалына тежеу қою. 3. Демократияға, сөз бостандығына қолдау көрсету. 4. Неолибералистік тұжырымдаманы жүзеге асыру.
Қытай Халық Республикасы	Бір белдеу бір жол	1. ОА шикізат көздеріне қол жетімділік. 2. ШЫҰ шеңберінде қауіпсіздік форматына белсене қатысу 3. Экономикалық-қаржы мүдделері
Ресей Федерациясы	Еуразиялық экономикалық Одақ	1. ОА елдерінің үкіметаралық саяси және экономикалық қатынастарында Ресей рөлін арттыру. 2. Аймақтағы Ресейдің экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету. 3. Ресейден тыс көлік жолдарына жол бермеу. 4. ҰҚШҰ шеңберінде әскери-саяси мүдделерін қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, төмендегі 2 кестеде Орталық азия аймағындағы қолданыстағы және жоспардағы көлік дәліздері туралы мәліметтер келтірілген.

**Кесте 2. ОА қолданыстағы және жоспарланған көлік дәліздері**

№	Көлік дәліздері жобалары	Дәліз өтетін мемлекеттер
1	Бір белдеу бір жол жобасы	Еуропа, Азия, Африка
2	Орталықазиялық аймақтық экономикалық ынтымақтастық бағдарламасының жобалары	Ауғанстан, Әзірбайжан, Қытай, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Монғолия, Пәкістан, Тәжікстан, Түркменстан, Өзбекстан
3	Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі TRASECA	Армения, Әзірбайжан, Болгария, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Иран, Молдова, Румыния, Түркия, Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, ЕО
4	Трансазиялық теміржол магистралі	Ауғанстан, Армения, Әзірбайжан, Бангладеш, Беларус, Бутан, Бруней, Камбоджа, Қытай, Үндістан, Индонезия, Иран, Қазақстан, Лаос, Монғолия, Непал, Пәкістан, Оңтүстік Корея, Ресей, Шри-Ланка, Тәжікстан, Таиланд, Түркия, Түркменстан, Өзбекстан, Вьетнам



Америка Құрама Штаттарының «Жаңа Жібек жолы» жобасын 2005 жылы Джон Хопкинс университетінің профессоры Стивен Фредерик Старр ұсынып, 2011 жылы Х. Клинтон АҚШ-Үндістан екінші Стратегиялық диалогында ресми түрде жариялады. Орталық Азия мен Оңтүстік Азияны саясат, қауіпсіздік, энергетика, көлік саласы бойынша біріктіруге бағытталған «Жаңа Жібек жолы» Жобасы американдық саясатты ұстанатын, нарықтық экономикаға бағытталған, демократиялық саяси режимдегі елдердің жаңа геосаяси бірлестігіне айналуы тиіс еді. Дегенмен, аталған Жобаның толыққанды, нақты түрде жүзеге асырылмай отырғандығы төмендегідей факторлармен байланысты:

- біріншіден, қақтығыс ошағына айналып, тұрақсыздық орнаған Ауғанстан елі арқылы сауда жолдарын өткізуге Орталық Азия елдерінің мүдделі еместігінен;

- екіншіден, 2011 жылдан бастау алған «Араб көктемі» түріндегі «түрлі түсті революциялардың» Орталық Азияда жалғасын табу қауіпінен;

- үшіншіден, Орталық Азиядағы Ресей және Қытай саясатының астарынан;

- төртіншіден, тарихи түрде Ауғанстан «Ұлы Жібек жолының» өзегі болған емес, Ауғанстан елі транзиттік аймақ болып табылады.

Француздық тарихшы, саясаттанушы Марлен Ларуэль өзінің «Американдық Жібек жолы: геосаяси қиял ма, әлде стратегиялық мүдделерді қайта қарастыру ма?» атты мақаласында, Американдық «Жаңа Жібек жолы» жобасын жүзеге асыру үшін нақты қадамдар жасалынбауы, шынайы мүдделіліктің болмауы себебінен, бұл жоба геосаяси қиял ғана болып қалады. Ал, Ресей тарапынан Еуразиялық экономикалық Одақты құруға нақты қадамдар жасалынуда, Қытай аймаққа ауқымды инвестициялар салуда, ресейлік еуразиялық жоба және қытайлық Жібек жолы Жобасы аймақ елдерімен тарихи тұрғыдағы өзара ықпалдастыққа негізделген және Орталық Азия Ресей мен Қытайдың геосаясатының бөлігі болып табылады, ал бұл мәселе өз кезегінде американдық жобаның жүзеге асырылуына кедергі [9;363б.], деп жазады.

АҚШ тарапынан ұсынылған, Орталық Азия (Қырғызстан, Тәжікстан) – Ауғанстан – Пәкістан газ және электроэнергия көздерін тасымалдаумен байланысты жоба CASA-

1000 және Түркменстан-Ауғанстан-Пәкістан-Үндістанды қамтитын ТАПИ жобасы. Отандық зерттеуші М. Т. Лаумулин пікірінше, ТАПИ жобасы бастапқыда геосаяси қайшылықтарға толы бағыт болды. АҚШ тарапынан қолдау танытылып отырған бұл жобаның басты мақсаты – ОА елдерінен бастау алатын көлік ағымын ресейлік жобаларға балама түрінде ұсынуы және Ресей Федерациясының Орталық Азиядағы ықпалын тежеу [10]. Әрине, осы мақсаттағы жобаның іске асырылуына Ресей тарапынан геосаяси қарсылықтар жасалынуы заңды мәселе.

Сонымен қатар, Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы басты мақсаты Каспий мұнайына бақылау орнату. Дегенмен, бұл фактор да біршама қайшылықтарға толы бағыт. Біріншіден, Американың мұндай геосаяси мүддесі Қытай, Иран, Ресей тарапынан қарсылық тудыратын дүние. 2018 жылы Каспий теңізі порттарын Қазақстан арқылы Ауғанстанға американдық транзитті пайдалану мәселесі көтерілген. Осыған жауап ретінде, РФ Сыртқы істер министрі С. Лавров, Каспий порттарын пайдаланудың экономикалық және логистикалық мақсаты жоқ. Американдықтардың мақсаты Каспийде инфрақұрылымындарын дамыту, деп Ресейдің ұстанымын мәлімдеген [11]. Екіншіден, Қырғызстандағы АҚШ әскери базаларының елден кетуі және Орталық Азияның басқа да елдерінде әскери базаларының болмауы есебінен Каспий мұнайына бақылау орнату үшін аймақтағы Американың әскери әлеуетінің төмен болуы. Керісінше, Орталық Азияда Ресейдің 201-әскери базасы Тәжікстанда, 999 авиабазасы Қырғызстанда орналасқан. 2002 жылдан бастап, Ресей инженерлік, навигациялық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету жүйелері қамтылған Каспий әскери-теңізі құрылысын жүргізіп келеді. 2018 жылы 2 сәуір күні Ресей қорғаныс министрі С. Шойгу ресми түрде Каспий флотилиясы Астрахань қаласынан Дағыстанның Каспийск қаласына негізделетінін мәлімдеді.

2018 жылдан бастап Орталық Азиядағы «Жаңа Жібек жолы» жобасын бірнеше бағыттар бойынша жаңа форматтағы стратегиялармен жалғастыруға талпыныс жасады. Атап айтқанда, 2015 жылы бастама ретінде көтерілген С5+1 форматын, 2018 жылы Майк Помпеоның Қазақстан мен Өзбекстанға ресми сапарында қайта көтеруін, 2018

жылы АҚШ «2020-2025 жылдарға арналған Орталық Азиядағы АҚШ Стратегияларын» жариялауын осының дәлелі ретінде қарастырамыз.

Алайда, Орталық Азия және Кавказ Институтының төрағасы, американдық зерттеуші Фредерик Старр «CABAR.asia» платформасына берілген сұқбатында, Америка Құрама Штаттарының Орталық Азияға қатысты 2020-2025 жылдарға арналған стратегиясы, Ресей Федерациясы мен Украина арасындағы қақтығыстан кейін қазіргі жағдайға бара бар емес стратегия болып қалды, ендігі кезекте қайтадан қарастырып, заманауи шынайылықтарға сәйкес келетін жаңа стратегияны ойластыру қажет, деген тұжырымдар жасайды [12]. Яғни, Америка Құрама Штаттарының Орталық Азиядағы «Үлкен ойыннан» жақын болашақта бас тарта қоймайтындығын айқындап отыр.

Дегенмен, АҚШ ұсынған «Жаңа Жібек Жолының» басымдықтарынан гөрі, олқы тұстары көп болып отыр. Жете зерттелмей, асығыс ұсынылған жобаның болашақта жүзеге асу мүмкіндігі аса жоғары еместігін байқаймыз және Американдық бастаманың қытайлық мегажобаға бәсекелес бола алмасы анық болып отыр.

Қытай Халық Республикасы ұсынып отырған «Бір белдеу бір жол» бағдарламасы, Қытайды, Орталық Азияны, Ресей және Еуропаны, Парсы Шығанағын, Тынық мұхит, Үнді мұхиттарын жалғастыратын және сауда, инфрақұрылым, капитал, мәдени байланыстарды көздеген геосаяси жоба. Төмендегі 3 кестеде берілген алты экономикалық дәліздерді қамтитын «Бір белдеу бір жол» Жобасының географиялық, саяси, экономикалық, мәдени-рухани, модернизациялық маңызы жоғары.

Кесте 3. «Бір белдеу бір жол» жобасының құрлықтық экономикалық дәліздері

Қытай-Пәкістан экономикалық дәлізі	Бангладеш-Қытай-Үндістан-Мьянма экономикалық дәлізі	Қытай-Орталық Азия-Батыс Азия экономикалық дәлізі	Қытай-Үндіқытай экономикалық дәлізі	Қытай-Монғолия-Ресей экономикалық дәлізі	Жаңа Еуразиялық құрлықтық жол
Пәкістан	Бангладеш	Иран	Камбоджа	Монғолия	Беларус
	Үндістан	Қазақстан	Лаос	Ресей	Чехия Республикасы
	Мьянма	Қырғызстан	Малайзия		Қазақстан
		Тәжікстан	Мьянма		Польша
		Түркия	Тайланд		Ресей
		Түркменстан	Вьетнам		Германия
		Өзбекстан			

Жобаға мүше 139 елдерді және Еуразия, Таяу Шығыс, Африканың жүздеген елдерін, экономикалық-өнеркәсіптік және геосаяси ынтымақтастыққа шақыратын, автомобиль жолдары, телекоммуникация, энергетикалық құбырлар, темір жол желілерін құрайтын «Бір белдеу, бір жол» Жобасына құйылған инвестиция 1,3 триллион АҚШ долларын құрайды. Қазіргі таңда «Бір белдеу, бір жол» аясында жүздеген елдерді қамтитын 3,7 трлн АҚШ долларын құрайтын 2600 Жобасы іске асырылып отыр [13; 62 б.].

XXI ғасырдағы ірі инфрақұрылымдық жоба ретіндегі «Бір белдеу, бір жол» АҚШ үшін ірі геэкономикалық және геостратегиялық проблема болып

табылады. 2021 жылы Америка Сенатында «Стратегиялық бәсекелестік туралы Заң» Жобасында Қытай әлемдік тәртіпке төнген қауіп ретінде қарастырылып, АҚШ осы стратегиялық бәсекелестікке тікелей қатысуы тиіс. Сонымен қатар, Қытай басқа да елдерге өзінің социалистік даму жолына түсуге шақырып отыр, ал бұл өз кезегінде демократиялық даму жолына төнетін қауіп деп тұжырымдалады[14]. Сонымен қатар, Байден әкімшілігінің G7 шеңберінде «Бір белдеу бір жол» Жобасына бәсеке және балама ретінде «Build Back Better World (B3W)» ұсынуын да, АҚШ Қытай Жобасын тежеуге бағытталған геостратегиясының элементі ретінде қарастыруға болады.

Орталық Азия халықаралық көлік дәліздерінің дамуына кедергі болып табылатын, АҚШ басты геосаяси мақсаттарының аясына Иранға қатысты төмендегідей факторлар кіреді:

1. Иранға геосаяси тежеу қою.

2. Тегеранның жобасы «Иран-Пәкістан-Үндістан» Шығысқа бағытталған газ құбырына жол бермеу.

3. Иран экспортына тежеу қою.

Бұл жердегі басты мақсат – Иранның халықаралық оқшаулануынан шығуына жол бермеу және негізгі көлік дәліздерін Иранмен байланыстыруды тежеу. АҚШ алаңдаушылығын Қытайдың «Бір белдеу бір жол» жобасын дамыту аясында, Қытай-Ресей-Иран геосаяси альянсының туындап кету қаупі туғызады. Зб. Бжезинский пікірі бойынша, Америка үшін ең қауіпті жағдай Қытай, Ресей және Иранның қатысуымен коалицияның құрылуы, сондықтан Америка оның алдына үшін ол өзінің барлық геосаяси күштерін көрсетуі керек, деп санайды [15; 89 б.]. Қазіргі таңда, Қытай тарапынан ұсынылып отырған Жоба негізінде Қытай-Ресей-Иранның қатысуымен көлік дәліздерін дамыту мәселесі қарастырылып отыр. Осы бағыт бойынша, Қытай тарапынан Орталық Азиядағы жүргізіліп отырған геостратегиялық аймақтық саясаттың нәтижесі ретінде, 2021 жылы 16-17 қыркүйекте Душанбеде өткізілген ШЫҰ саммитінде ұйым мүшелері Иранның ШЫҰ мүшелікке өтуіне қолдау көрсетті. Яғни, ШЫҰ болашақта Таяу Шығыспен тығыз саяси-экономикалық ынтымақтастық орнатуға деген мүдделілігін білдіреді. Әрине бұл Американың қарсылығын тудыруы сөзсіз.

Қазіргі таңда Ресей-Украин қақтығысына Американың саяси қатысуына қарамастан, Қытайдың «Бір белдеу бір жол» бастамасы АҚШ назарынан шықпай отыр. Осы орайда, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен, «Украинадағы соғыс Американың стратегиялық басымдықтарын өзгертпейді. Қазіргі таңдағы либералдық әлемдік тәртіптің басты қатері Ресей емес, Қытай болып табылады», деп мәлімдеуі аталмыш геосаяси қайшылықтарды тереңдете берері сөзсіз [16].

Қазіргі таңдағы Англосаксондық геосаясат үшін Ресей қысқа мерзімдегі геосаяси қауіптер қатарына кіргізілсе, Қытай болашақ жүзжылдықтағы геэкономикалық жүйелі бәсекелес ретінде қарастырылады. Зерттеушілердің пікірінше, Ресейдің Еуразиялық Одағы шектеулі экономикалық

ұйым болып табылса, Қытайдың «Бір белдеу бір жол» бастамасы жаһандық форматтағы, дүниежүзіне конфуциандық рухани құндылықтар мен қытайлық норма мен стандарттарды енгізетін Жоба [17].

Мақалада қарастырылып отырған Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасы арасындағы геосаяси қайшылықтар Орталық Азия елдері мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне және саяси тұрақтылығына үлкен сынақ тудыруы ықтимал мәселе.

*Біріншіден*, Америка Құрама Штаттары тарапынан ұсынылып отырған Ауғанстан мен ОА елдерін интеграциялауға жетелейтін «Үлкен Орталық Азия» геосаяси жобасының қаупі жоғары. Егер «Үлкен Орталық Азия» геосаяси жобасы іске асқан жағдайда, тәжік-ауған шекарасы жойылып, сыртқы күштердің арандатушылық және сепаратистік саясаты арқылы Ауғанстан сияқты Орталық Азия елдері де этникалық белгілері бойынша ыдырап, бірнеше кішігірім мемлекеттерге айналуы мүмкін.

Орталық Азия аймағына АҚШ ұсынған жобаның қаупі ақпараттық қауіптерге де байланысты. Олардың ішінде төмендегі әдістерді айрықшалауға болады:

– адам құқығын сақтау және сөз бостандығын қамтамасыз етуді желеу етіп, АҚШ Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі ісіне араласуы;

– түрлі түсті революцияларды ұйымдастыру технологиялары;

– ақпараттық кеңістікте кері ақпараттық кампанияларды ұйымдастыру;

– экономикалық санкцияларды қолдану;

– интернет желісі арқылы аймақ тұрғындарында синофобиялық көзқарастарды ояту;

– «Ұйғыр мәселесін» ушықтыру;

– Орталық Азия елдерінде қарсылық қозғалыстарын ұйымдастыру;

– Джозеф Най ұсынған «Жұмсақ күш» стратегиясын қолдану;

– Стивен Манн және Джин Шарп ұсынған «Басқарылатын хаос» стратегиясын қолдану түріндегі қауіптер.

*Екіншіден*, 2022 жылы 7 қаңтарда Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевқа жолдауында Си Цзиньпин «Қытай, Қазақстанның тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін және түрлі түсті революцияларға итермелейтін барлық күштерге қарсы» [18], деп тұжырымдауынан, 2022 жылы қаңтар оқиғасын сыртқы күштердің

арнайы бағытталған халықаралық-саяси технологиялардың негізінде басқарылатын, күш қолданбау түрінде мемлекеттік төңкеріс жасап, саяси режимді ауыстыру тәсілі ретінде қарастырсақ, бұл мәселенің аясынан да Қытай-АҚШ-Ресей геосаяси мүдделерінің қақтығысын аңғаруға болады. Ең басты мәселе – мұндай қақтығыстар, шетел гуманитарлық интервенциясын тудыруы және осы арқылы мемлекеттердің ішкі саяси үдерістеріне мүдделі тараптардың белсенді араласуын тудыруымен ерекшеленеді. Сыртқы күштердің мүдделерін экономикалық пайда және табиғи қорларға бақылау жасауға деген ұмтылыс айқындайды. «Түрлі түсті» революциялар нәтижесінде, демократияны сырттан тану арқылы халықтың менталитетіне жат өзге құндылықтарды орнату көзделеді. Жекелеген мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық және саяси проблемаларын шешу атты желеумен, ұлттық режимдерді құлатып, елдің табиғи қорларына шексіз қол жеткізуге деген ұмтылыс, түрлі-түсті революциялардың негізгі бағыты.

Үшіншіден, Украинадағы қақтығыстарға байланысты Ресейге салынып отырған экономикалық-саяси санкциялардың салдары Орталық Азия елдері үшін күрделі проблемаларды туындап отыр. Валютаның құнсыздануы, жұмыссыздық, инфляция, Қазақстан тауарларының Ресей арқылы өтуі елдегі саяси-экономикалық проблемалардың алғышарты болып табылады. Украинадағы қайшылықтар Каспий құбыр консорциумының әлеуетін төмендетуі, Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің негізгі қатері болып табылады. Мысалы, 2022

жылы наурыз айында Новороссийск маңында мұнайды КҚК арқылы жөнелту техникалық себептерге байланысты тоқтатылса, шілде айында Новороссийск сотының шешімімен мүлдем тоқтатылды. Соңдықтан, КҚК балама жол іздестіру уақыт талабынан туындаған мәселелер қатарына кіреді.

Төртіншіден, сыртқы және ішкі қатерлерге қарсы тұру үшін аймақтық интеграцияны дамыту маңызды мәселе. Себебі, АҚШ әскері Ауғанстаннан шығарылуына байланысты, Орталық Азия аумағына жақын жерде қаруланған, экономикалық дамуы төмен, саяси қайшылықтарға толы мемлекеттің жақын орналасуы, аймақ қауіпсіздігіне, халықаралық көлік дәліздеріне төнетін қатерлердің бастысы. Ауғанстанға байланысты әлі күнге дейін Орталық Азия елдерінің ұстанымы қалыптасқан жоқ. Негізгі аймақ қауіпсіздігінің басты кепілі Ресей Федерациясы болып келгенімен, Украинамен соғысты Ресейдің жағдайы қиындаса, аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үлкен проблемаға айналары сөзсіз.

Бесіншіден, Вашингтондық «Center for Global Development» аналитикалық зерттеуінде «Бір белдеу бір жол» бастамасы аясында, Орталық Азия елдерінің Қытайға сыртқы қарыздарының өсуі де экономикалық тәуелділікті тудыратын қатер деп тұжырымдалады [19]. 2018 жылы АҚШ бұрынғы вице-президенті Майк Пенс Қытайды «қарыз қақпанының дипломатиясын» ұстанады деп айыптауын, АҚШ-Қытай геосаяси бәсекелестен туындаған фактор деп санаған күннің өзінде, Орталық Азия елдерінің Қытай алдындағы қарызы төмендегі 4 кестеде көрсетілген.

Кесте 4. Орталық Азия елдерінің Қытайға қарызы [20]

Мемлекет	Қазақстан	Өзбекстан	Қырғызстан	Тәжікстан
Қытайға қарызы	9,0 млрд долл	4,2 млрд долл.	1,77 млрд долл	1,1 млрд долл
Жалпы мем. қарызының ішіндегі Қытайдың үлесі	5,45%	16,7%	42,5%	35%

Кестедегі мәліметтер арқылы, Қазақстан Республикасының сыртқы қарызындағы Қытайға деген қарыз 5,45% ғана құрайтындығын аңғарамыз. Бұл жердегі қауіп Тәжікстан және Қырғызстан елдеріне қатысты туындайды. Яғни, Қытайдан қарыз

мәселесі Қазақстан үшін басты мәселе болып табылмайтындығын аңғарамыз. Дегенмен, Ұлттық суверенитетке, елдің аумақтық тұтастығына қатер төндіретін мәселенің бірі Қазақстанның сыртқы қарызына келетін болсақ Ұлттық банк мәліметтері бойынша



2021 жылдың 1 қаңтарында \$163,4 млрд, яғни ЖІӨ 96,2%, 2022 жылдың 1 шілдесінде \$164,2 млрд [21] құрайды.

Алтыншыдан, Энергоқорларды өндіру және тасымалдау бойынша Қазақстан Республикасының шетелдік компанияларына тәуелділігі қауіпсіздіктің басты қатері. Қазақстан мұнай өндіру және тасымалдауда

шетел компанияларының үлесі жоғары екендігі мәлім. Төмендегі кестеде, Тенгиз, Қарашығанақ, Қашаған мұнай кен орындарындағы Тенгиз Шевройл Оперейтинг (ТШО), Карачаганак Петролеум Оперейтинг (КПО) и Норт Каспиан Оперейтинг Компани Б.В. (НКОК), шетелдік компаниялардың үлесі көрсетілген.

**Кесте 5. Қазақстандағы мұнай өндірісіндегі шетел компанияларының үлесі [22]**

	Chevron (АҚШ)	Exxon Mobil (АҚШ)	ҚазМұнайГаз (ҚР)	ЛукАрко (РФ/АҚШ)	Eni (Италия)	Total (Франция)	CNPC (Қытай)	Shell (Англия)	Inpex (Жапония)
ТШО	50%	25%	20%	5%					
НКОК		16,8%1	16,88%		16,81%	16,81%	8,33%	16,81%	7,56%
КПО	18%		10%		29,25%			29,25%	

Кестеге талдау жасау негізінде, Қазақстандық мұнай кен орындары негізінен Батыс елдерінің компанияларына тиесілі екендігін аңғарамыз. Бұл, мақаламызда қарастырылып отырған мәселенің аясындағы болашақта Орталық Азия арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздері үшін Қытай және Англосаксондық геосаясаттың тоғысуының қауіпін көрсетеді. отандық зерттеушілердің пікірінше, «Біздің еліміз үшін инфрақұрылымдық жоба мемлекеттік бағдарламаның бөлігі болып табылуы маңызды. Оны жекелеген корпорациялар және компаниялардың қарамағына өткізу аса қауіпті. Каспий жағалауындағы мемлекеттер тарапынан жобаның аймақ экономикасына тигізетін ықпалымен қатар, жаһандық экономикаға ықпалын да ескере отыра, барлық қауіп-қатерлер және тәуекелдерді талдаудан өткізіп, инвесторларды іздестіру және жобаны бастауға кірісуге болады» [23; 50 б.].

### Қорытынды

Әлемдік дамудың қазіргі тенденциялары геэкономиканың геосаясаттан басым болуын көрсетеді, өйткені Халықаралық экономикалық кеңістікке интеграцияланудан

туындайтын ықтимал экономикалық пайдаға байланысты мемлекеттердің мүдделері барған сайын айқын көрініс беруде. Орталық Азия мемлекеттері үшін ең маңыздысы, халықаралық көлік дәліздеріне қатысты жобаларды жүзеге асыру үшін ірі шетелдік қарыз алу елдердің экономикалық тәуелсіздігін жоғалту ықтималдығымен шектесетін тәуекелдермен байланысты деп санаймыз. АҚШ, ҚХР бірлесіп жобаларды іске асыру ОА елдері үшін оң нәтижелермен қатар ұзақ мерзімді теріс қаржылық-экономикалық салдарға да ие. Олардың жиынтық теріс әсері терең қаржылық дағдарысқа ұшыратуы мүмкін.

Орталық Азия елдерінің, оның ішінде Қазақстан Республикасының көлік коммуникацияларын дамыту саласындағы саясатының стратегиялық мақсаты – халықаралық қауымдастық мүшелерімен көпжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту болып табылады. Дегенмен, заманауи геосаяси жағдайға сай көлік саясатын қалыптастыру барысында аймақ елдерінің ұлттық қауіпсіздігін, ұлттық саясатын барлық мәселелерден жоғары қою қажет. Сондықтан, геосаяси және геээкономикалық жағдайға қатысты бара бар саясат әзірленуі керек.

## Әдебиеттер тізімі

1. Terrorism and International Transport: Towards Risk-based Security Policy. Roundtable Report. 2009. Available at: <http://www.itf-oecd.org/sites/default/files/docs/09rt144.pdf> (accessed 17.09.2022)
2. Felix Heiduk Asian Geopolitics and the US – China Rivalry / F. Heiduk. – London: Routledge, 2021. – 254 p.
3. Laruelle M., Peyrouse S. The Chinese Question in Central Asia. Domestic Order, Social Change and the Chinese Factor. – London: C. Hurst & Co., 2012. – 271 p.
4. Levine I. US Policies in Central Asia / I. Levine – New York, London: Taylor and Francis, 2016. – 256 p.
5. Скалепов А.Н., Лагуткин Н.В. Среднеазиатский регион на перекрестке геополитических стратегий. [Электронный ресурс] - 2022. – URL: <https://vm.ric.mil.ru/Stati/item/378922/> (дата обращения 25.10.2022).
6. Аристова Л.Б., Семенова Н.К. Россия и Китай в Евразии: транспортные измерения безопасности. – Москва: ИВ РАН, 2019. – 69 с.
7. The Global Risks Report 2022, 17th Edition, is published by the World Economic Forum. 2022. Available at: [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_The\\_Global\\_Risks\\_Report\\_2022.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_The_Global_Risks_Report_2022.pdf) (accessed 10.11.2022).
8. Cohen, Raphael S., Eugeniu Han, and Ashley L. Rhoades, Geopolitical Trends and the Future of Warfare: The Changing Global Environment and Its Implications for the U.S. Air Force. 2020. Available at: [https://www.rand.org/pubs/research\\_reports/RR2849z2.html](https://www.rand.org/pubs/research_reports/RR2849z2.html). (accessed 12.11.2022).
9. Laruelle M The US Silk Road: geopolitical imaginary or the repackaging of strategic interests?// Eurasian Geography and Economics. – 2015. – Vol. 56. – Issue 4. – P. 360-375.
10. Лаумудин М.Т. Современный Туркменистан в поисках выхода из транспортно-коммуникационной ловушки. [Электрон. ресурс]. - 2018 – URL: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/3218> (дата обращения 15.11.2022).
11. Россия против транзита американских грузов из Азербайджана в Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: [https://musavat.com/ru/news/rossiya-protiv-tranzita-amerikanskih-gruzov-iz-azerbajdzhana-v-kazahstan\\_533832.html](https://musavat.com/ru/news/rossiya-protiv-tranzita-amerikanskih-gruzov-iz-azerbajdzhana-v-kazahstan_533832.html) (дата обращения 25.11.2022).
12. Какой должна быть стратегия США в Центральной Азии? Интервью с Фредериком Старром. – Central Asian Bureau for Analytical Reporting. [Электрон.ресурс]. – 2022. – URL: <https://cabar.asia/ru/kakoj-dolzha-byt-strategiya-ssha-v-tsentralnoj-azii-intervyu-s-frederikom-starrom> (дата обращения 15.11.2022).
13. Sarwar A. Kashmeri China's Grand Strategy: Weaving a New Silk Road to Global Primacy. – California: Praeger, 2019. – 171 p.
14. Strategic Competition Act 2021. Available at: <https://www.foreign.senate.gov/imo/media/doc/DAV21598%20-%20Strategic%20Competition%20Act%20of%202021.pdf> (accessed 27.10.2022).
15. Бжезинский З. Великая шахматная доска: [Господство Америки и его геостратегические императивы: Пер. с англ.]. – Москва: Международные отношения, 1998. – 254 с.
16. The Administration's Approach to the People's Republic of China Speech Antony J. Blinken, Secretary of State, may 26, 2022. Available at: <https://www.state.gov/the-administrations-approach-to-the-peoples-republic-of-china/> (accessed 27.10.2022)
17. Jacopo Maria Pepe Eurasia: Playing Field or Battle Field? German Council on Foreign Relations. 2019. Available at: [https://dgap.org/sites/default/files/article\\_pdfs/dgap\\_analysis\\_nr2-nov2019\\_eurasia.pdf](https://dgap.org/sites/default/files/article_pdfs/dgap_analysis_nr2-nov2019_eurasia.pdf) (accessed 28.10.2022).
18. Си Цзиньпин: Китай против внешних сил, подстрекающих к цветной революции в Казахстане. [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/13370261>.
19. John Hurley, Scott Morris, and Gailyn Portelance Examining the Debt Implications of the Belt and Road Initiative from a Policy Perspective //Center for Global Development. 2019. Available at: <https://www.cgdev.org/sites/default/files/examining-debt-implications-belt-and-road-initiative-policy-perspective.pdf> (accessed 17.11.2022).
20. Gretsky S China's Debt-Trap Diplomacy and Central Asia // Eurasia Daily Monitor. 2022. Available at: <https://jamestown.org/program/chinas-debt-trap-diplomacy-and-central-asia/> (accessed 20.11.2022).
21. Ұлттық банк мәліметтері «Сыртқы борыш». [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/vneshniy-dolg> (қарастырылған күн 21.11.2022)
22. Жизнь в долг: на сколько страны Центральной Азии зависимы от кредитов? [Электрон. ресурс]. – 2022. – URL: <https://cronos.asia/news/zhizn-v-dolg-na-skolko-strany-centralnoj-azii-zavisimy-ot-kreditov> (дата обращения 21.11.2022).

23. Турекулова Ж., Есіркепова Г. Жаңа Суэц каналы құрылысының тарихи алғышарттары және саяси – экономикалық маңызы // Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. – 2021. – №1 (134). – Б.43-53. doi:10.32523/2616-7255-2020-131-2-77-84.

**С.М. Туркеева, А.К. Избаиров**

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

### **Геополитическое соперничество Америки и Китая за транспортные коридоры в Центральной Азии и проблемы региональной безопасности**

**Аннотация.** Поэтапное развитие международных транспортных коридоров является ядром политического, экономического, интеграционного, модернизационного, духовного и культурного развития всех стран современности. Транспортная отрасль, являющаяся эффективным средством перевозки грузов, становится важным звеном мировой экономики и главным инструментом процесса глобализации. В связи с этим рассмотрение аспектов развития международных транспортных коридоров является важной и актуальной проблемой для исследования. Помимо выполнения роли геополитически важного звена мира Центральноазиатский регион становится центром пересечения международных транспортных коридоров. Немаловажным фактором влияния на национальную и региональную безопасность является геополитическое соперничество основных акторов мировой политики в Центральной Азии. Данная тенденция связана с огромными запасами нефти и газа, урана, а также важного стратегического положения региона как связывающего моста рынков Европы и Азии. Конфликты, возникающие из-за стремления основных акторов мировой политики установить контроль над международными транспортными коридорами, выводят на повестку дня проблему безопасности региона, через который проходят международные транспортные коридоры. Главной задачей в эпоху глобализации для государств Центральной Азии, расположенных вдоль «Великого Шелкового пути», является обеспечение региональной безопасности, в том числе национальной безопасности. В данной научной статье рассматривается влияние международных транспортных коридоров на региональную безопасность Центральной Азии, анализируются геополитические проблемы транспортных коридоров, роль транспортных проектов по возрождению Шелкового пути, инициируемых Соединенными Штатами Америки и Китайской Народной Республикой и влияние геополитического соперничества двух стран на региональную безопасность Центральной Азии.

**Ключевые слова:** Международные транспортные коридоры, геополитика, Центральная Азия, региональная безопасность, национальная безопасность, политико-экономическое развитие, угрозы.

**S.M. Turkeeva, A.K. Izbaïrov**

*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

### **Geopolitical rivalry between the USA and China for transport corridors in Central Asia and problems of regional security**

**Abstract.** The gradual development of international transport corridors is the core of the political, economic, integration, modernization, spiritual, and cultural development of all countries of modernity. The transport industry, which is an effective means of transporting goods, is becoming an essential link in the world economy and the main instrument of the globalization process. In this regard, consideration of aspects of the development of international transport corridors is a vital and high-priority problem for research. In addition to playing the role of a geopolitically important link in the world, the Central Asian region is becoming the center of the intersection of international transport corridors. A crucial factor influencing national and regional security is the geopolitical rivalry of the key actors of world politics in Central Asia. This trend is associated with the huge reserves of oil and gas, uranium, as well as the significance of the strategic position of the region as a linkage between the markets of Europe and Asia. Conflicts arising from the desire of the leading actors of world politics to establish control over international transport corridors bring to the agenda the problem of the security of the region through which these corridors pass. The primary task in the era of globalization for the states of Central Asia located along the

“Great Silk Road” is to ensure regional security, including the national one. This scientific article considers the influence of the “international transport corridors” factor on the regional security of Central Asia, analyzes the geopolitical problems of transport corridors, the role of transport projects for the revival of the Silk Road initiated by the United States of America and the People’s Republic of China, and the impact of geopolitical rivalry between the two countries on the regional security of Central Asia.

**Keywords:** International transport corridors, geopolitics, Central Asia, regional security, national security, political and economic development, threats.

## References

1. Terrorism and International Transport: Towards Risk-based Security Policy. Roundtable Report. 2009. Available at: <http://www.itf-oecd.org/sites/default/files/docs/09rt144.pdf> (accessed 17.09.2022)
2. Felix Heiduk Asian Geopolitics and the US – China Rivalry. (Routledge, London, 2021, 254 p.).
3. Laruelle M., Peyrouse S. The Chinese Question in Central Asia. Domestic Order, Social Change and the Chinese Factor. (C. Hurst & Co, London, 2012, 271 p.).
4. Levine I. US Policies in Central Asia. (Taylor and Francis, London, 2016, 256 p.).
5. Skalepov A.N., Lagutkin N.V. Sredneaziatskij region na perekrestke geopoliticheskikh strategij [Central Asian region at the crossroads of geopolitical strategies], Voennaya mysl' [military thought], 2022. Available at: <https://vm.ric.mil.ru/Stati/item/378922/> [in Russian] (accessed 25.10.2022)
6. Aristova L.B., Semenova N.K. Rossiya i Kitaj v Evrazii: transportnye izmereniya bezopasnosti [Russia and China in Eurasia: transport dimensions of security] (Institute of Oriental Studies, Moscow, 2019, 69 p.) [in Russian].
7. The Global Risks Report 2022, 17th Edition, is published by the World Economic Forum. 2022 Available at: [https://www3.weforum.org/docs/WEF\\_The\\_Global\\_Risks\\_Report\\_2022.pdf](https://www3.weforum.org/docs/WEF_The_Global_Risks_Report_2022.pdf) (accessed 10.11.2022).
8. Cohen, Raphael S., Eugeniu Han, and Ashley L. Rhoades, Geopolitical Trends and the Future of Warfare: The Changing Global Environment and Its Implications for the U.S. Air Force. 2020. Available at: [https://www.rand.org/pubs/research\\_reports/RR2849z2.html](https://www.rand.org/pubs/research_reports/RR2849z2.html). (accessed 12.11.2022).
9. Laruelle M. The US Silk Road: geopolitical imaginary or the repackaging of strategic interests? Eurasian Geography and Economics, 56 (4), 360-375, (2015).
10. Laumulin M.T. Sovremennyy Turkmenistan v poiskah vyhoda iz transportno-kommunikacionnoj lovushki. [Modern Turkmenistan in search of a way out of the transport and communication trap] 2018. Available at: <https://isca.kz/ru/analytics-ru/3218> [in Russian] (accessed 15.11.2022).
11. Rossiya protiv tranzita amerikanskikh gruzov iz Azerbajdzhana v Kazahstan. [Russia is against the transit of American cargo from Azerbaijan to Kazakhstan]. 2018. Available at: [https://musavat.com/ru/news/rossiya-protiv-tranzita-amerikanskikh-gruzov-iz-azerbajdzhana-v-kazahstan\\_533832.html](https://musavat.com/ru/news/rossiya-protiv-tranzita-amerikanskikh-gruzov-iz-azerbajdzhana-v-kazahstan_533832.html) [in Russian] (accessed 25.11.2022).
12. Kakoj dolzhna byt' strategiya SSHA v Central'noj Azii? Interv'y u s Frederikom Starrom. [What Should be the Next U.S. Strategy for Central Asia? An Interview with Frederick Starr]. 2022. Available at: <https://cabar.asia/ru/kakoj-dolzhna-byt-strategiya-ssha-v-tsentralnoj-azii-intervyu-s-frederikom-starr> [in Russian] (accessed 15.11.2022).
13. Sarwar A. Kashmeri China's Grand Strategy: Weaving a New Silk Road to Global Primacy. (California, Praeger, 2019, 171 p.).
14. Strategic Competition Act 2021. Available at: <https://www.foreign.senate.gov/imo/media/doc/DAV21598%20-%20Strategic%20Competition%20Act%20of%202021.pdf> (accessed 27.10.2022).
15. Bzhezinskij Z. Velikaya shahmatnaya doska [The Grand Chessboard] (International Relations, Moscow, 1998) [in Russian].
16. The Administration's Approach to the People's Republic of China Speech Antony J. Blinken, Secretary of State, may 26, 2022. Available at: <https://www.state.gov/the-administrations-approach-to-the-peoples-republic-of-china/> (accessed 27.10.2022).
17. Jacopo Maria Pepe Eurasia: Playing Field or Battle Field? German Council on Foreign Relations. 2019. Available at: [https://dgap.org/sites/default/files/article\\_pdfs/dgap\\_analysis\\_nr2-nov2019\\_eurasia.pdf](https://dgap.org/sites/default/files/article_pdfs/dgap_analysis_nr2-nov2019_eurasia.pdf) (accessed 28.10.2022).
18. Si Czin'pin: Kitaj protiv vneshnih sil, podstrekayushchih k cvetnoj revolyucii v Kazahstane [China opposes outside forces fanning 'colour revolution' in Kazakhstan]. 2022. Available at: <https://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/13370261> [in Russian] (accessed 28.10.2022).



19. John Hurley, Scott Morris, and Gailyn Portelance Examining the Debt Implications of the Belt and Road Initiative from a Policy Perspective //Center for Global Development. 2019. <https://www.cgdev.org/sites/default/files/examining-debt-implications-belt-and-road-initiative-policy-perspective.pdf> (accessed 17.11.2022).

20. Gretskey S China's Debt-Trap Diplomacy and Central Asia // Eurasia Daily Monitor. 2022. Available at: <https://jamestown.org/program/chinas-debt-trap-diplomacy-and-central-asia/> (accessed 20.11.2022).

21. Ultytk bank malimetteri «Syrtky borysh». [National Bank of Kazakhstan. External Debt] 2022. Available at: <https://www.nationalbank.kz/ru/news/vneshniy-dolg> [in Kazakh] (accessed 21.11.2022).

22. Zhizn' v dolg: na skol'ko strany Central'noj Azii zavisimy ot kreditov? [Living in debt: how dependent are the countries of Central Asia on loans?]. 2022. Available at: <https://cronos.asia/news/zhizn-v-dolg-na-skolko-strany-centralnoj-azii-zavisimy-ot-kreditov> [in Russian] (accessed 21.11.2022).

23. Turekulova ZH., Esirkepova G. Zhana Suec kanaly kurylysynyn tarihi algyshtararty zhane sayasi – ekonomikalyk manyzy [Historical preconditions for the construction of the new Suez Canal and its political and economic significance] L.Gumilev atyndagy EUU Habarshysy [Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University]. 1 (134), 43-53 (2021). [in Kazakh].

### Авторлар туралы мәлімет:

*Туркеева Сауле Мырзахановна* – Саясаттану білім беру бағдарламасының докторанты Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

*Избаиров Асылбек Каримович* – тарих ғылымдарының докторы, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

*Туркеева Сауле Мырзахановна* – докторант образовательной программы «Политология», Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

*Избаиров Асылбек Каримович* – доктор исторических наук, профессор кафедры политологии и социально-политических дисциплин, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан.

*Turkeeva Saule* – Ph.D. student in Political Sciences, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

*Izbairov Asylbek* – Ph.D. of Historical Sciences, Professor of Department of Political Science and Social and Philosophical Disciplines, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.